

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «БАЛДЫРҒАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ**

030900 Ойыл селосы Амангелді көшесі №4, Телефон 2-11-31

E-mail: baldyrgan@uil-raioo.edu.kz

Бұйрық №9

Ойыл ауданы


08.09.2025ж

«Педагогикалық әдеп кеңесін қайта құру туралы»

ҚР БҒМ 11.05.2020ж №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы»
бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК-нда Педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына келесі педагогтар қосылсын:
Кеңес төрағасы: Калиева А.М – педагог-психолог
Кеңес мүшелері: Усенғалиева А.Е – әдіскер
Жолбаева Г.Е-кәсіподақ мүшесі
Абдрахманова Г.Д-тәрбиеші
Баймұханова С.Б-тәрбиеші
Магзимов Б.Н- музыка жетекшісі
Дабылова А.Т- тәрбиеші
3. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы болып Байманова Ардак Гафуровна тағайындалсын.
4. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы Байманова А.Г
-кеңестің жұмыс жоспарын:
-кеңес қызметі туралы ережені әзірлеп, дайындасын.
5. Кеңес мүшелерінің құрамы, Педагогикалық әдеп кеңесінің қызметі туралы ереже педагогикалық кеңестің отырысында бекітілсін.
6. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Балдырған » бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның меңгерушісі:  А.К. Бисебаева

Бұйрықпен таныстым: 

Байманова А.Г



Бекітемін:

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Меңгерушісі:  А.К Бисебаева

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары

| Р/с | Мазмұны | Мерзімі | Аяқталу нысаны |
|-----|---|--------------------|----------------|
| 1 | Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогикалық әдеп ережелерімен таныстыру және бекіту. 2. Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы. | Қазан 2024 жыл | Хаттама |
| 2 | Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогикалық қарым –қатынас мәдениеті (әріптес, ата-ана, бала) 2. Қоғамдық ортада педагогтың өзін ұстау мәдениеті. | Желтоқсан 2024 жыл | Хаттама |
| 3 | Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау-кәсіби міндет. 2. Даулы жағдайларды этикалық тұрғыда шешу жолдары. | Ақпан 2025 жыл | Хаттама |
| 4 | Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогтың жеке тұлғалық дамуы және өзін-өзі жетілдіру. 2. Әдептілік –сапалы білім мен тәрбиенің негізі. | Сәуір 2025 жыл | Хаттама |

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог
Өткізілген күні: 15 қазан 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп ережелерімен таныстыру және бекіту.
Кеңес төрайымы: А.М Калиева
2. Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы.
Кеңес мүшесі: Г.Е Жолбаева

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: кеңес төрайымы А.М Калиева сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері!
Бүгінгі отырыстың негізгі мақсаты – педагогикалық әдеп ережелерімен таныстыру және оны бекіту.

Педагогикалық әдеп – педагогтың кәсіби қызметіндегі негізгі қағидалардың бірі. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымында педагогтердің әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ететін алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
- педагогтардың кәсіби мінез-құлқын бақылау;
- әдеп бұзушылықтардың алдын алу;
- ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру.

Сонымен қатар, кеңес педагогтардың кәсіби әрекеттеріне қатысты ұсынымдар беріп, қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдауды ұсынады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: Г.Е Жолбаева сөз алды:

Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы – оның тұлғалық мәдениетінің маңызды бөлігі. Тәрбиеші – балаға үлгі болатын тұлға болғандықтан, оның сыртқы келбеті ұқыпты, таза және жинақы болуы тиіс.

Киім үлгісі классикалық стильде, ыңғайлы әрі педагогикалық қызметке сай болуы қажет.

Сонымен қатар педагог:

- сөйлеу мәдениетін сақтауы;
- дауыс ырғағын дұрыс қолдануы;
- балалармен және ата-аналармен сыпайы қарым-қатынас орнатуы;
- өзін ұстай білуі тиіс.

Педагогтың сыртқы келбеті мен мінез-құлқы тәрбиеленушілердің тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Қорытынды сөз:

Кеңес төрайымы А.М Калиева:

Құрметті әріптестер! Бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп ережелері қаралып, педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы талқыланды.

Әр педагог өз кәсібіне жауапкершілікпен қарап, әдеп нормаларын сақтауы тиіс. Ұжымдағы мәдениетті қарым-қатынас пен педагогтың сыртқы бейнесі – сапалы тәрбиенің негізі.

Кеңес шешімі:

1. «Балдырған» бөбекжай-бақшасындағы педагогикалық әдеп ережелері бекітілсін.
2. Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы назарға алынып, күнделікті жұмыста басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы:  А.М Калиева

Хатшы:  А.Г Байманова

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог

Өткізілген күні: 19 желтоқсан 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті (әріптес, ата-ана, бала)
2. Қоғамдық ортада педагогтың өзін ұстау мәдениеті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі әдіскер: Ш.Р Толыбаева сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі отырыста педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті мәселесі қарастырылады. Педагогтың кәсіби қызметіндегі ең маңызды бағыттардың бірі – дұрыс және тиімді қарым-қатынас орнату.

Педагогикалық қарым-қатынас – педагог пен бала, ата-ана және әріптестер арасындағы өзара түсіністікке негізделген кәсіби байланыс.

Педагог:

- әріптестермен сыйластықта жұмыс істеуі;
- ата-аналармен ашық, мәдениетті диалог орнатуы;
- балалармен мейірімді, сабырлы қарым-қатынас жасауы тиіс.

Қарым-қатынас барысында педагогтың сөйлеу мәдениеті, дауыс ырғағы, сөзді дұрыс қолдануы үлкен рөл атқарады. Жылы сөз, қолдау көрсету, түсіністік таныту – баланың тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Сондықтан педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін сақтау – әр педагогтың кәсіби міндеті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: Б.Т Сисенгалиева сөз алды:

Педагогтың қоғамдық ортадағы өзін ұстау мәдениеті – оның кәсіби беделін айқындайтын маңызды факторлардың бірі.

Педагог тек жұмыс орнында ғана емес, қоғамда да өзін мәдениетті, сыпайы, жауапты тұлға ретінде көрсетуі тиіс.

Қоғамдық ортада педагог:

- әдептілік нормаларын сақтауы;
- өз сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы;
- жағымды мінез-құлық көрсетуі;
- білім беру ұйымының абыройын сақтауы қажет.

Сондай-ақ, педагогтың сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері, адамдармен қарым-қатынасы оның жалпы мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.

Педагог – қоғам алдында үлгі болатын тұлға, сондықтан оның әрбір әрекеті тәрбиелік мәнге ие.

Қорытынды сөз кеңес мүшесі әдіскер: Ш.Р Толыбаева

Құрметті әріптестер! Бүгінгі отырыста педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті және қоғамдық ортада өзін ұстау мәдениеті туралы маңызды мәселелер қаралды.

Әр педагог өз мінез-құлқына, сөйлеу мәдениетіне, қарым-қатынасына ерекше назар аударып, кәсіби әдеп нормаларын сақтауы тиіс. Бұл – сапалы тәрбие мен білім берудің негізгі шарты.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін сақтау барлық педагогтарға міндеттелсін.

2. Әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста әдептілік, сыйластық және кәсіби мәдениет қағидаттары басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.М Калиева

А.Г Байманова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог

Өткізілген күні: 10 ақпан 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау-кәсіби міндет.
2. Даулы жағдайларды этикалық тұрғыда шешу жолдары.

Күн тәртібіндегіб ірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы: А.М Калиева сөз алды:

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – әрбір педагогтың кәсіби міндеті болып табылады. Әдептілік – педагогтың мінез-құлқының, сөйлеу мәдениетінің және қарым-қатынас стилінің негізгі көрсеткіші.

Педагог өзінің кәсіби қызметінде:

- әдеп нормаларын қатаң сақтауы;
- әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен дұрыс қарым-қатынас орнатуы;
- сабырлылық пен ұстамдылық танытуы тиіс.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастырады және тәрбиеленушілерге үлгі болады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: Р.І Өтегенова сөз алды:

Педагогикалық қызмет барысында түрлі даулы жағдайлар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда педагог ең алдымен сабыр сақтап, мәселені этикалық тұрғыда шешуге ұмтылуы тиіс.

Даулы жағдайларды шешудің негізгі жолдары:

- мәселені ашық және мәдениетті түрде талқылау;

– екі жақтың пікірін тыңдау;

– эмоцияға берілмей, сабыр сақтау;

– педагогикалық әдеп нормаларын басшылыққа алу.

Қиын жағдайларда педагогтың кәсіби мәдениеті мен адамгершілік қасиеттері ерекше маңызға ие болады.

Қорытынды сөз кеңес төрайымы: А.М Калиева

Бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп нормаларын сақтау және даулы жағдайларды шешу мәселелері қаралды. Әр педагог өз әрекетіне жауапкершілікпен қарап, әдеп нормаларын сақтауы қажет.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау барлық педагогтарға міндеттелсін.

2. Даулы жағдайларды шешуде этикалық қағидалар басшылыққа алынсын.

3. Ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:  А.М Калиева

Хатшы:  А.Г Байманова

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог

Өткізілген күні: 18 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогтың жеке тұлғалық дамуы және өзін-өзі жетілдіру.
2. Әдептілік-сапалы білім мен тәрбиенің негізі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: Г.Е

Жолбаева сөз алды:

Педагогтың жеке тұлғалық дамуы – оның кәсіби шеберлігінің маңызды бөлігі. Әр педагог үнемі өзін-өзі жетілдіріп, білімін толықтырып отыруы тиіс.

Өзін-өзі дамыту жолдары:

- кәсіби біліктілікті арттыру;
- жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру;
- өзін-өзі талдау және рефлексия жасау;
- шығармашылықпен жұмыс істеу.

Жеке тұлғалық даму педагогтың кәсіби деңгейін арттырып, білім беру сапасына оң әсер етеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: Г.Е

Жолбаева сөз алды:

Әдептілік – сапалы білім мен тәрбиенің негізі. Педагогтың әдептілігі оның кәсіби қызметінің барлық саласында көрініс табады.

Әдепті педагог:

- балалармен мейірімді қарым-қатынас орнатады;
- ата-аналармен сыйластықта жұмыс жүргізеді;
- әріптестермен ынтымақтастықта болады;
- өз ісіне жауапкершілікпен қарайды.

Әдептілік тәрбиеленушілердің тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді және білім беру сапасын арттырады.

Қорытынды сөз кеңес мүшесінің тәрбиешісі: Г.Е Жолбаева

Құрметті әріптестер! Бүгінгі отырыста педагогтың өзін-өзі дамытуы және әдептіліктің маңызы қаралды. Әр педагог үздіксіз даму үстінде болып, әдеп нормаларын сақтауы тиіс.

Кеңес шешімі:


1. Педагогтардың жеке тұлғалық дамуы мен өзін-өзі жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Әдептілік қағидалары барлық педагогтар тарапынан қатаң сақталсын.
3. Білім беру мен тәрбие процесінде әдептілік мәдениеті басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.М Калиева



А.Г Байманова